

"Қазақстан Республикасының ішкі нарығына сұйытылған мұнай газын берудің жоспарын жасау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 22 қазандағы № 68 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2016 жылғы 5 тамыздағы № 375 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 6 қыркүйекте № 14206 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының ішкі нарығына сұйытылған мұнай газын берудің жоспарын жасау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 22 қазандағы № 68 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9890 болып тіркелген, 2015 жылғы 17 шілдеде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер е н г і з і л с і н :

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының ішкі нарығына сұйытылған мұнай газын берудің жоспарын жасау қағидаларында (бұдан әрі - Қ а ғ и д а л а р) :

23-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"23. Газ желісі ұйымы беру жоспарының шеңберінде сатып алынған сұйытылған мұнай газын ұсынылған өтінімге сәйкес және "Газ және газбен жабдықтау туралы" 2012 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы 27-бабының 10-тармағын ескере отырып, өңірлердегі тұтынушыларға және (немесе) автогаз құю станцияларының және (немесе) газ толтыру пункттерінің иелеріне өткізуді жүзеге а с ы р а д ы . " ;

1 және 2-қосымшалар осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда ж а з ы л с ы н .

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Газ өнеркәсібін дамыту департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік т і р к е у д і ;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін оның көшірмелерін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ресми

интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында
о р н а л а с т ы р у д ы ;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді беруді
қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Энергетика министрі

Қ. Бозымбаев

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2016 жылғы 5 тамыздағы
№ 375 бұйрығына қосымша
Қазақстан Республикасының ішкі
нарығына сұйытылған мұнай газын
берудің жоспарын жасау
қағидаларына 1-қосымша
Нысан

Қазақстан Республикасының ішкі нарығына сұйытылған мұнай газын берудің _____ (жылғы) _____ (айы) арналған жоспары

| № р/с | Берушінің атауы, орналасқан жері | Аймақ | Аймаққа беруге арналған сұйытылған мұнай газының көлемі , тонна | Газ желісі ұйымдарының атауы | Әрбір аймаққа маркалары мен партиялары бойынша бөлу | | | Әр бір партияның тиеу күні | Түсіру орны, жеткізу тәсілі |
|-------|----------------------------------|-------|---|------------------------------|---|-------------------------|-------------------|----------------------------|-----------------------------|
| | | | | | техникалық бутан | техникалық пропан-бутан | техникалық пропан | | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |
| | | | | | | | | | |

Ескертпе: Беру жоспары мыналардан тұрады:

1) № р/с – реттік саны ;

2) берушінің атауы, орналасқан жері - өздеріне меншік құқығында немесе өзге де

занды негіздерде тиесілі көмірсутегі шикізатын өңдеу процесінде өндірілген сұйытылған мұнай газын өндірушілердің, оның меншік иелерінің тізбесі және олардың орналасқан жері бойынша облысы;

3) аймақ - газ желісі ұйымдарының өтінімдері бойынша сұйытылған мұнай газы берілетін облыс және республикалық маңызы бар қала, астана;

4) аймаққа беруге арналған сұйытылған мұнай газының көлемі - Қазақстан Республикасының ішкі нарығында өткізілуге міндетті сұйытылған мұнай газының көлемі;

5) газ желісі ұйымдарының атауы - өздеріне меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде тиесілі көмірсутегі шикізатын өңдеу процесінде өндірілген сұйытылған мұнай газын өндірушілер, оның меншік иелері сұйытылған мұнай газын өткізуге міндетті газ желісі ұйымдарының тізбесі;

6), 7), 8) – сұйытылған мұнай газын маркалары бойынша бөлу: техникалық бутан, техникалық пропан-бутан, техникалық пропан.

9) әр бір партияның жөнелтілген күні – шаруашылық жүргізуші субъекттердің арасындағы шарттық қатынастарға сәйкес;

10) түсіру орны, жеткізу тәсілі - аккредиттеу туралы куәлікте көрсетілген газ толтыру станциясының мекенжайы және жеткізу тәсілі-темір жол көлігі және/немесе автомобиль көлігі.

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2016 жылғы 5 тамыздағы
№ 375 бұйрығына қосымша
Қазақстан Республикасының ішкі
нарығына сұйытылған мұнай газын
берудің жоспарын жасау
қағидаларына 2-қосымша

Нысан

(уәкілетті органның атауы)

(газ желісі ұйымының атауы мен
орналасқан жері, аккредиттеу туралы
куәліктің нөмірі мен күні)

Сұйытылған мұнай газын беруге арналған өтінім

Мәлімделген кезең _____

(кү н т і з б е л і к ж ы л , а й л а р)

Берілетін көлемнің барлығы, кг _____

о н ы ң і ш і н д е п а р т и я л а р м е н

| Партия № / кезендер | Партиядағы газ көлемі, кг | Маркасы (техникалық пропан, техникалық пропан-бутан, техникалық бутан) | Беруші | Берушінің тиеу күні | Жоспарланған өткізу көлемі, | | | | | | Өнеркәсіптік кәсіпорындар | Өз тұт | |
|---------------------|---------------------------|--|--------|---------------------|---|---------|---------------------------------|---------------------------|-------------------------|---------|---------------------------|--------|--|
| | | | | | Баллондық өткізу үшін газ толтыру пункттері | | Топтық резервуарлық қондырғылар | | Автогаз құю станциялары | | | | |
| | | | | | жеке | тысқары | көп пәтерлі үйлер | Жеке тұрғын үй секторлары | жеке | тысқары | | | |
| | | | | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | | | | |
| Жыл бойынша жиыны | | | | | | | | | | | | | |

Жеткізу тәсілі _____

— (т/ж _____ не автомобиль көлігімен - әрбір беруші үшін жеке)

Түсіру орны _____

— Басшы _____

— М ө р д і ң о р ы н ы .

Ескертпе: Газ желісі ұйымының өтінімінде:

- 1) газ желісі ұйымының толық атауы мен оның орналасқан жері;
- 2) оған жақын өндірушінің атауы мен оның орналасқан жері;
- 3) сұйытылған мұнай газының жоспарланған көлемін тиеу күні және жеткізу тәсілі, газ толтыру станциясының орналысқан жеріне сәйкес түсіру орны;
- 4) түрлері (пропан-бутан фракциясы, пропан, бутан), партиялары мен тиеу күндері бойынша бөле отырып, сұйытылған мұнай газын сатып алудың мәлімделген көлемі;
- 5) аудандары және газ толтыру пункттері, топтық резервуарлық қондырғылар, автогаз құю станциялары және өнеркәсіптік тұтынушылар бойынша бөле отырып, мәлімделген көлемді жоспарланған тарату көрсетіледі.